



Бекітемін
ЖШС «Кенесары07» «Балбөбек» балабақшасының
менгерушісі: А.К.Бисенова

**«Балбөбек» балабақшасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
мәдениет деңгейін қалыптастыру» бойынша
2025-2026 жылға арналған іс-шаралар жоспары**

Тақырыбы: «Адал ұрпақ-Адал қоғам»

Мақсаты: балабақша ұжымы мен ата-аналар арасында сыбайлас
жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру, «Парасыз балабақша»
қағидатын насихаттау.

№	Іс-шаралар	Өткізу мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	“Парасыз балабақша” бұрышын жасау*	Қыркүйек	Барлық ата-ана Тәрбиешілер
2	Ұжыммен оқу: “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң” түсіндіру*	Қазан	Меңгеруші, Тәрбиешілер
3	Ата-ана жиналысы: “Сыйлық емес, Адалдық” тақырыбында*	Қараша	Топ тәрбиешілері, әдіскер
4	Балаларға арналған “Адалдық” ертегі сағаты*	Желтоқсан	Тәрбиешілер
5	“Сыбайлас жемқорлық – кедергі” тақырыбында анкета сауалнама*	Қаңтар	Әдіскер Ата-аналар Тәрбиешілер
6	“Адалдық сағаты” челленджі: әлеуметтік желіге видео*	Ақпан	Тәрбиешілер
7	Нормативтік құжаттарды талқылау: “Сыйлық қабылдау ережесі”	Наурыз	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиешілер
8	Жыл қорытындысы: “Парасыз балабақша” есебі*	Мамыр	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиешілер Ата-аналар

№1 ХАТТАМА

Тақырыбы: “Парасыз балабақша бұрышын жасау”

Күні: «11» қыркүйек 2025 ж.

Қатыскандар: 6

Күн тәртібі:

1. 2025-2026 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шара жоспарын бекіту
2. “Парасыз балабақша” бұрышын жасау тәртібі
3. 1424 сенім телефоны туралы

Тындалынды:

1. Меңгеруші А.К.Бисенова “Адал ұрпақ – Адал қоғам” жоспарын таныстырды. Мақсат: ұжым мен ата-ана арасында адалдық, әділдік қағидатын қалыптастыру. “Сыйлық қабылдамау” – негізгі қағида екенін ескертті.
2. Әдіскер Н.А.Бектұрсынова Бұрыштың мазмұнын айтты: “Парасыз балабақша” бұйрығы, 1424 сенім телефоны, “Сыйлық алмау” жадынамасы, нормативтік құжаттар. Бұрышты 30 тамызға дейін безендіру керектігін тапсырды.

Қаулы етілді:

1. Жоспар бекітілсін. Жауапты: барлық маман. Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы
 2. “Парасыз балабақша” бұрышы 15.09.2025 дейін жасалып, фото есеп әдіскерге берілсін. Жауапты: әдіскер.
 3. Әр топта “Сыйлық алмау” жадынамасы ата-ана бұрышына ілінсін.
- Жауапты: тәрбиешілер.

Хатшы:  Кадемова Г.Г.

№2 ХАТТАМА

Тақырыбы: “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңды түсіндіру” – ұжымдық оқу

Күні: «15» қазан 2025 ж.

Қатысқандар: 6

Күн тәртібі:

1. “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы” ҚР Заңын оқу
2. Педагогтың этикалық нормасы: сыйлық, алғыс қабылдау ережесі
3. Танысу парағымен таныстыру

Тындалынды:

Меңгеруші А.К.Бисенова : Заңның 9-бабын оқыды. Мемлекеттік қызметкер, педагог сыйлық ала алмайтынын, 1424 сенім телефонына хабар беру керектігін түсіндірді. “Гүлден басқа сыйлық қабылданбайды” ережесі бекітілді. Әр қызметкер танысу парағына қол қойды.

Қаулы етілді:

1. Заң мен ережені барлық қызметкер міндетті түрде сақтасын.
Жауапты: барлық қызметкер.
2. Танысу парағы толтырылып, іс қағаздарына тігілсін.
Жауапты: іс жүргізуші.
3. Қазан айында ата-ана жиналысында “Сыйлық емес, Адалдық” тақырыбы талқылансын.
Жауапты: тәрбиешілер

Хатшы:  Кадемова Г.Г.

№3 ХАТТАМА

Тақырыбы: “Сыйлық емес, Адалдық” – ата-ана жиналысы

Күні: «14» қараша 2025 ж.

Қатысқандар: 6

Күн тәртібі:

1. Балабақшаның “Парасыз аймақ” ережесімен таныстыру
2. Балаға адалдық тәрбиесін беру
3. Ата-ана ұсынысы

Тыңдалынды:

Тәрбиеші :Г.Е. Сариева “Балабақшамызда тәрбиешіге қымбат сыйлық берілмейді. Баланың қолымен жасалған сурет, “Рахмет” сөзі – ең үлкен алғыс” деп түсіндірді. “Түлкі мен Қарға” ертегісі арқылы адалдық ұғымы көрсетілді. Ата-аналар ережені қолдайтынын айтты.

Қаулы етілді:

1. “Шағала” тобы ата-аналары сыйлық бермеуге келісті.

Жауапты: ата-аналар.

2. “Мерекелік сыйлық алмау” туралы хат ата-ана тобына жіберілсін.

Жауапты: тәрбиеші.

3. Желтоқсанда балаларға “Адалдық” ертегі сағаты өткізілсін.

Жауапты: тәрбиеші.

Хатшы:  Кадемова Г.Г.

№4 ХАТТАМА

Тақырыбы: “Адалдық” ертегі сағаты – балаларға арналған ашық сабақ

Күні: «18» желтоқсан 2025 ж.

Қатысқандар: 6

Күн тәртібі:

1. “Түлкі мен Қоян” ертегісін сахналау
2. “Адал болу не үшін керек?” әңгіме
3. “Адал бала” сурет көрмесін ұйымдастыру

Тындалынды:

Тәрбиеші Г.Е.Сариева : ертегі сахналанды. Балалардан “Адал болмаса не болады?” деп сұрады. Балалар: “Ешкім сенбейді, достары болмайды” деп жауап берді. Сабақтан кейін “Менің адал досым” тақырыбында сурет көрмесі ашылды.

Қаулы етілді:

1. “Адалдық” ұғымы жыл бойы ертегі, ойын арқылы түсіндіріліп отырылсын.
Жауапты: тәрбиешілер.

2. Сурет көрмесі 2 апта бойы ата-ана бұрышында тұрсын.

Жауапты: әдіскер.

3. Қаңтарда ата-ана, қызметкер арасында сауалнама жүргізілсін.

Жауапты: әдіскер.

Хатшы:  Кадемова Г.Г.

№5 ХАТТАМА

Тақырыбы: “Сыбайлас жемқорлық – кедергі” тақырыбында сауалнама қорытындысы

Күні: «22» қаңтар 2026 ж.

Қатысқандар: 6

Күн тәртібі:

1. Сауалнама нәтижесін талдау
2. Ата-ана мен қызметкердің көзқарасы
3. Келесі іс-шара

Тындалынды:

Әдіскер: Н.А.Бектұрсынова сауалнама нәтижесін айтты. Ата-ананың 100%-ы, қызметкердің 100%-ы “балабақшада пара беруге қарсымын” деп жауап берді. 2 ата-ана “мерекеде гүл беруге болады ма?” деп сұрады. Жауап: гүл рұқсат, қымбат сыйлық тыйым.

Қаулы етілді:

1. Сауалнама қорытындысы анықтама түрінде іс қағаздарына тіркелсін.
Жауапты: Әдіскер: Н.А.Бектұрсынова
2. Наурызда “Адалдық сағаты” челленджі әлеуметтік желіге жариялансын.
Жауапты: әдіскер.
3. “Гүлден басқа сыйлық жоқ” ережесі тағы да ескертілсін.
Жауапты: меңгеруші.

Хатшы:  Кадемова Г.Г.

№6 ХАТТАМА

Тақырыбы: “Адалдық сағаты” челленджі – әлеуметтік желі

Күні: «13» ақпан 2026 ж.

Қатысқандар: 8

Күн тәртібі:

1. #АдалҰрпақ хэштегімен челлендж өткізу тәртібі
2. Бала, ата-ана, тәрбиеші видеосы
3. Қауіпсіздік ережесі

Тындалынды:

Әдіскер Н.А.Бектұрсынова : челлендж мақсатын түсіндірді. Бала “Адалдық деген – шындықты айту” деп айтады, ата-ана “Баламды адал етіп тәрбиелеймін” дейді. Видеода баланың беті түспеуі, ата-ананың рұқсаты болуы міндетті. #АдалҰрпақ #ПарасызБалабақша хэштегі қойылды.

Қаулы етілді:

1. Әр топтан кемінде 3 видео түсіріліп, парақшаға жариялансын.
Жауапты: тәрбиешілер.
2. Ата-анадан рұқсат қағазы міндетті түрде алынсын.
Жауапты: тәрбиеші.
3. Сәуірде “Сыйлық қабылдау ережесі” бұйрығы талқыланын.
Жауапты: меңгеруші.

Хатшы:  Кадемова Г.Г.

№7 ХАТТАМА

Тақырыбы: “Сыйлық қабылдау ережесі” нормативтік құжатты талқылау

Күні: «17» наурыз 2026 ж.

Қатысқандар: 8

Күн тәртібі:

1. “Педагогқа сыйлық қабылдау ережесі” бұйрығын оқу
2. Бұзушылықтың жауапкершілігі
3. Бұйрыққа қол қою

Тыңдалынды:

Меңгеруші А.К.Бисенова : бұйрық жобасын оқыды. 1-тармақ: “Тәрбиеші, қызметкер ата-анадан ақшалай, заттай сыйлық, сертификат қабылдамайды”. 2-тармақ: “Бұзған жағдайда тәртіптік жаза қолданылады”. Барлық қызметкер бұйрықпен келісіп, қол қойды.

Қаулы етілді:

1. Бұйрық №__ болып бекітілсін және барлық топқа жеткізілсін
2. Бұйрық ата-ана бұрышына да ілінсін.
Жауапты: тәрбиешілер.
3. Мамырда жыл қорытындысы есеп берілсін.
Жауапты: меңгеруші.

№8 ХАТТАМА

Тақырыбы: “Парасыз балабақша” жыл қорытындысы

Күні: «22» мамыр 2026 ж.

Қатысқандар: 8

Күн тәртібі:

1. 2025-2026 жылғы іс-шара жоспарының орындалу есебі
2. Ата-ана комитетінің бағасы
3. 2026-2027 жылға ұсыныс

Тындалынды:

Меңгеруші А.К.Бисенова жылдық есеп берді. 8 іс-шараның 8-і де орындалды. Бұрыш жаңартылды, 1424 телефоны жұмыс істеді, ата-анадан шағым түскен жоқ. Ата-ана комитеті: “Біздің балабақша – шын мәнінде парасыз аймақ. Тәрбиешілерге тек алғыс айтамыз” деп баға берді.

Қаулы етілді:

1. 2025-2026 жылғы жұмыс “өте жақсы” деп бағалансын.
 2. Есеп аудандық білім бөліміне 25.05.2026 дейін тапсырылсын.
- Жауапты: меңгеруші. Мерзімі: 25.05.2026
3. 2026-2027 жылға жоспарды тамызда қайта қарау. Жауапты: әдіскер.
- Мерзімі: тамыз 2026

Меңгеруші:  А.К.Бисенова
Ата-ана комитет төрайымы:  А.Т.Даулетова